ҚАУЫРСЫН

Жастар қандай кітап оқиды?

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада жастардың талғамына сай таңдаулы кітаптар көрмеге қойылды. Бұл шара кітапханаға тұрақты келетін жас оқырмандардың сұранысы бойынша жүзеге асырылуда.

Облыстық кітапхананың абонемент бөлімінің басшысы Бақытжан Бұқашеваның сөзінше, көрмеге қазақ, орыс және шет тілдеріндегі көркем әдеби шығармалар қойылған. Жастардың ерекше қызығушылығын оятқан кітаптар арасында Мұқағали Мақатаевтың шығармалары, Қабдеш Жұмаділовтің «Аққуды атпас болар», Өтен Ахметтің «Ғашық жүрек», Дүкенбай Досжанның «Жазмыштың формуласы» секілді классикалық туындылар бар.

Сондай-ақ, қаламгер Кристофер Паолинидің «Эрагон», Рик Риорданның «Магнус чейз и Боги Асгарда», Михаил Булгаковтың «Мастер и Маргарита», режиссер, қаламгер Ермек Тұрсыновтың «Жили-были» секілді кітаптары бар.

- Біз 2021 жылы жастардың арасында ең көп оқылатын кітаптарға мониторинг жүргіздік. Соның нәтижесін сараптай отырып, «Жастар оқитын кітаптар» атты жаңа көрме жасақтадық. Бұл көрмеге дәл қазір жас буын арасында жоғары сұранысқа ие кітаптар қойылған, - дейді ол.

Кітапхана қызметкерлерінің пікірінше, жастар қазір детективті жанрдағы әдебиеттер мен фантастикалық туындыларды жиі іздейтін көрінеді. Сонымен қатар лирикалық шығармалар да жоғары сұранысқа ие.

- Кітапханаға келген жас оқырмандар осы көрмеге бір соқпай кетпейді. Сондай-ақ, үйге оқуға да жиі алады. Біз көрмені күн сайын толықтырып отырамыз, - дейді Б.Бұқашева.

Қаланың жас тұрғындары мен қонақтары С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханаға келіп, таңдаулы кітаптармен танысуына мол мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, аталған көрмеге жаңадан жарыққа шыққан авторлардың да сиясы кеппеген туындылары қойылғанын айта кеткен жөн.

Өз тілшіміз.

БІЛІМ